

ЫБЫРАЙХАН МАРАТ ЫБЫРАЙХАНҰЛЫ

1964-1985 ЖЖ. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ЕЛДІ-МЕКЕНДЕРІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ

АННОТАЦИЯ

8D02202 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация

Тақырыптың өзектілігі. Тарих ғылымындағы атаулы оқиғалардың астарында қарапайым көпшіліктің күнделікті тірлігі және ішкі күйзелістері мен толғаныстары жатыр. Бүгінде күнделікті өмір тарихы осы жалпылама сұлбалар астында жатқан нақты жағдайлар мен олардың ішкі және сыртқы себеп-салдарларын қарастыруға қажет зерттеу бағыты. Күнделікті өмір тарихының аясында өмірдің материалдық және рухани бөліктері бойынша әртүрлі аспектідегі зерттеулердің жүргізілуі ғылыми бағыттың өзектілігін күн сайын арттырып келеді. Бүгінгі күнде де ауыл елді-мекендеріндегі күнделікті өмірде байқалатын жағдайлардың астарында ежелден келе жатқан ұстанымдардың белгілері байқалады. Бұл белгілер мәдени мәнге ие және адамзаттың табиғат және әлеуметтік ортамен байланысының ертеден келе жатқан сипаттарын ұғынуға жетелейді.

Берілген тақырыптың хронологиялық шеңберіндегі ауыл елді-мекендерінің тұрғындары саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық өзгерістерді басынан кешіріп жатты. Бұл өзгерістер олардың күнделікті өміріне және көзқарастарына зор әсерін тигізді. Кеңестік кезеңнің «тоқырау жылдарындағы» өмір сипаты бейбіт күн мен тұрақтылықтан құралғанымен, бұл уақытта қоғам ішінде дағдарыстық құбылыстар жинақталып жатты. Бұл құбылыстардың жергілікті ауыл елді-мекені деңгейіндегі көріністері және оларды қарапайым адамның өз бойынан өткізуін зерттеу Отандық тарих ғылымы үшін теориялық және практикалық маңыздылыққа ие.

Кеңес дәуірінде ауыл шаруашылығы мен ауыл елді-мекендерінің тұрғындары жайлы еңбектер идеологиялық қыспақ аясында жазылды. Бұл тақырыптағы зерттеулердің басым көпшілігі коммунистік партия мен кеңестер үкіметінің жетістіктерін насихаттайтын мазмұнда еді. Ұсынылып отырған диссертацияда кеңестік тарихнамадағы аталған ұстанымдар пайдаланылмайды және «тоқырау жылдарындағы» өмір сипатын теріс жағынан көрсету де көзделмеген.

Еліміздегі ауыл елді-мекендері мен тұрғындарының тарихы осыған дейін де зерттелген. Алайда нақты берілген тақырып Отандық тарихнамада арнайы зерттеу пәні ретінде қарастырылмаған және күнделікті өмір тарихы бағытында зерттелмеген. Батыстық ғылымнан шығып, ресейлік ғылымда өркендеп, елімізде енді кең тарала бастаған «күнделікті өмір тарихы» аясында аталған мәселені зерттеу бірнеше қажеттіліктерден туындап отыр. Диссертациялық зерттеу алдымен Отандық тарих ғылымындағы жаңа бағытта жазылған

санаулы жұмыстардың бірі болмақ. Сонымен қатар, бұл тақырыптағы жұмыстың басқа да әлеуметтік маңызды салаларда қолданбалы пайдасы бар екенін ескеру керек. Маңыздысы, күнделікті өмір тарихы бүгінгі отандық тарих ғылымына кеңестік кезең тарихын тану үшін қажет және зерттеуге қолайлы бағыт.

Күнделікті өмір немесе күнделіктілік тарихы арнайы ғылыми бағыт ретінде Батыс тарихнамасында ХХ ғ. 30 жж. бастап қалыптасып, орныға бастаса, Ресей тарихнамасындағы ғылыми зерттеулер ХХ ғ. 80-90 жж. бастау алады. Отандық тарих ғылымы үшін күнделікті өмір тарихы күрделі болса да, заманауи және қажет зерттеу бағыты. Отандық тарихнамада күнделіктілік проблемасын зерттеу бағытын қалыптастыруды бастаған қарағандылық тарихшылар мектебіндегі «этномәдени және тарихи антропологиялық зерттеулер орталығының» өкілдері болып табылады.

Ауыл елді-мекендері біздің еліміздегі жалпы халықтың жартысына жуығы тұратын орындар болып табылады. Ауыл елді-мекендері және ауыл шаруашылығы саласы ішкі жалпы өнімнің негізгі көлемін өндірмесе де, еліміздің экономикасының маңызды және тұрақты секторы екені анық. Қазақстан индустриалды-аграрлы ел болғандықтан, ауыл шаруашылығының және негізінен сала еңбеккерлері өмір сүретін елді-мекендердің жан-жақты дамуы барлық уақыттарда маңызды мәселе болып қала береді. Бүгінгі күнде еліміз жерасты және жерүсті байлықтарын қатар игеріп келе жатыр. Осы тұста ауыл шаруашылығын дамытуға және сол арқылы халықтың материалдық-тұрмыстық жағдайын жақсартуға зор мүмкіндіктер бар. Орталық Қазақстан өндірісті өңір болып есептелгенімен, ауыл шаруашылығына қажетті, көпшілік бөлігі жарамды болып келетін ауқымды жер аумағына ие. Бұл аумақта ауыл шаруашылығын дамытуға, сәйкесінше адамдарға қолайлы қоныстану кеңістігін қалыптастыруға болады. Аталған мәселелерді шешу үшін ауыл шаруашылығы, ауыл елді-мекендері және оның тұрғындарының өткені мен бүгініне назар аудару қажет. Сондықтан бұл мәселені тұтас еліміздің аумағы ғана емес, өңірлік аспектіде де зерттеу тікелей іргелі және қолданбалы маңызға ие.

Тоқырау жылдарына қатысты көптеген сыни тұрғыдағы пікірлерге қарамастан, ауыл елді-мекендері тұрғындарының өмірі әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан, мәдени-тұрмыстық жағынан қамтамасыз етілген сипатта болды. Еліміздің ауыл елді-мекендері мен олардың тұрғындарын басқару және ұйымдастырудың кеңестік тәжірибесіндегі оң сипаттағы үрдістер, әдіс-тәсілдер бүгінгі күнде өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Кеңестік тәжірибе тарихынан сабақ алу қажеттілігі алдағы уақытта да туындайтынын ескеруіміз қажет. Бұл тәжірибені пайдалануға күнделікті өмір тарихын зерттеу мүмкіндік береді.

Ауылдық жерден әртүрлі саладағы озық мамандар мен қайраткерлер әрдайым шыққанын ескерсек, ауыл қоғамын микродеңгейде зерттеу өзектілігі арта түседі. Біз қарастыратын мерзімдегі ауыл қоғамының жағдайы сол уақытқа дейінгі оқиғалардың салдарынан қалыптасқаны айқын. Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңберіндегі ауыл елді-мекені қоғамының

әлеуметтік көңіл-күйі мен дүниетанымдық көзқарастары кейінгі уақыттағы ауылдық ортаның жағдайына әсер етті. Сондықтан жоғарыда аталған мәселелерді зерттеу диссертациялық жұмыстың өзектілігін құрайды.

Зерттеу жұмысының мақсаты: 1964-1985 жж. Орталық Қазақстан ауыл елді-мекендері тұрғындарының күнделікті өмірін зерттеу.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Ауыл елді-мекені тұрғынының күнделікті өмір тарихын зерттеуге қажет және қолайлы теориялық-методологиялық негізді анықтау;

2. Зерттеу мәселесі бойынша тарихнаманы талдау;

3. Зерттеу жұмысында қолданылған деректер кешенін толыққанды сипаттау;

4. Орталық Қазақстан аймағының экономикалық дамуы мен табиғи-шаруашылық ерекшеліктерін анықтау, олардың ауыл елді-мекендеріндегі күнделікті өмірге әсеріне шолу жасау;

5. 1964-1985 жж. жалпы Орталық Қазақстан бойынша демографиялық, ауыл елді-мекендері бойынша этнодемографиялық ахуалды сипаттау, күнделікті өмір жағдайларының жергілікті жердегі ұлт саны мен сипатына қарай өзгешеліктерін қарастыру;

6. Құрылыс ісінің дамуы және ауыл елді-мекендеріндегі ерекшеліктеріне сай тұрғындардың баспанамен қамтамасыз етілу жағдайын күнделікті өмір аспектісінде сараптау;

7. Ауыл елді-мекені тұрғынының табысы, сауда мен қамтамасыз ету саласының кеңестік ауылдық өмірдегі жағдайы мен ерекшеліктері, тұрғындардың тұтыну деңгейі мен сұранысына сай тапшы тауар түрлерімен қамтамасыз ету түйткілдерін айқындау;

8. ЖҚШ ауыл елді-мекені тұрғынының күнделікті өміріндегі орыны, жеке секторды дамыту мәселелеріндегі қиындықтар мен оларды күнделікті өмірде шешу жолдарын талдап көрсету;

9. Ауыл елді-мекені тұрғынының күнделікті өміріндегі негізгі және маңызды құрамдас бөлік – ауыл шаруашылығындағы еңбек жағдайының жағымды және жағымсыз сипатын сараптап түйіндеу;

10. Денсаулық сақтау мен медицина саласының жетістіктері мен кемшіліктерінің ауыл елді-мекеніндегі тұрғындардың күнделікті өміріне әсерін бағамдау;

11. Білім берудің ауыл елді-мекеніндегі ерекшеліктері, жетістіктері мен саланың балалардың күнделікті өміріне, өмір салты мен болашақ ұстанымдарына әсерін анықтап шығару;

12. Мәдениет пен өнер саласының идеологиялық бақылау аясындағы жетістіктері мен кемшіліктері, ұлттық өнердің сақталуы мен белгілі бір шеңберде өрістеуін, саланың жеке адамның күнделікті өміріндегі орынын, ауыл елді-мекені тұрғынының еңбек пен тұрмыс тіршілігінен тыс, мерекелік және демалыс уақытын өткізу ерекшеліктерін бағалау;

Зерттеу жұмысының нысаны: 1964-1985 жж. Орталық Қазақстан ауыл елді-мекендерінің тұрғындары.

Зерттеу пәні: Орталық Қазақстан ауыл елді-мекендері тұрғындарының

күнделікті өмірі.

Зерттеудің әдіснамалық негізі. Диссертацияның методологиялық негіздерін жүйелілік, логикалық, хронологиялық бірізділік, проблемалық, тарихилық, пәнаралық байланыс принциптері құрайды. Осы ұстанымдар негізіндегі әдістерді кешенді түрде қолдану Орталық Қазақстан тұрғындарының өткен ғасырда бастан кешкен күрделі этнодемографиялық трансформациялардан кейінгі күнделікті өмір-тіршілігін зерттеп, белгілі бір тұжырымдар жасауға мүмкіндік тудырды. Тарихи кезең мен аумақтағы күнделіктілік тарихы Қазақстан мемлекетінің тұтас тарихының аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде және бұрынғы КСРО тарихымен жан-жақты байланыста қарастырылды.

Зерттеу жұмысы келесі жалпы ғылыми әдістерге сүйенді: анализ және синтез, индукция және дедукция.

Зерттеу міндеттерін шешуге қажет жалпы ғылыми әдістермен бірге келесі арнайы зерттеу әдістері де қолданылды: идеографиялық, тарихи-типологиялық, микротарих, тарихи-салыстырмалы, проблемалық-хронологиялық, әлеуметтік талдау, ауызша интервью және т.б.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

- Отандық тарихнамада алғаш рет кеңестік уақыттағы Орталық Қазақстан ауыл елді-мекендері тұрғындары күнделікті өмір тарихы аясында зерттелген.

- Елімізде нақты аталған тақырып осыған дейін арнайы зерттелмеген.

- Зерттеу барысында тақырыпқа қатысты үлкен көлемдегі материалдар жүйеленіп, архив және баспасөз материалдары, ауызша интервьюлер тарихи талдаудан өтіп, сұрыпталды.

- Отандық тарихнамада арнайы зерттеу бағыты ретінде қалыптасып келе жатқан күнделікті өмір тарихына қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, өзіндік баға берілді;

- Әр параграф бойынша қорытындылар жасалып, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар қалыптастырылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Диссертацияның теориялық-методологиялық негіздері батысеуропалық және ресейлік зерттеушілердің еңбектеріне сүйенді. Зерттеу жұмысында әлеуметтік тарихта қалыптасқан пәнаралық ұстаным қолданылды. Бұл ұстанымға сай күнделікті өмір тарихы әлеуметтік тарихтың күнделікті өмір тарихы және жаңа әлеуметтік тарих тармақтарының жігінде қарастырылды. Осылайша диссертациялық жұмыс ресейлік зерттеуші Н.Л. Пушкарева және неміс зерттеушісі М. Дингес тұжырымдарына сүйеніп жазылды. Аталмыш теориялар аясында Орталық Қазақстан ауыл елді-мекені тұрғынының күнделікті өмірі «өмір стилі» және «жүріс-тұрыс стилі» ұғымдары аясында зерттелді. Бұл стильдерді қалыптастыруда зерттеу объектісі – адам (тұрғын) сүйенген құндылықтар мен нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік тәжірибелер байқалады.

2. Мәселе бойынша әдебиеттерді 3 топқа бөліп қарастыра аламыз: шетелдік, сонымен қатар ресейлік; кеңестік, сонымен қатар ҚазКСР

зерттеушілерінің еңбектері; тәуелсіз Қазақстан зерттеушілерінің еңбектері. Алғашқы топтағы әдебиеттер күнделікті өмір тарихы бойынша зерттеулердің негізін қалаған бастапқы, сонымен қатар заманауи еңбектер болып табылады. Негізінен бұл топта Л. Февр мен М. Блок бастаған француздық Анналдар, А. Людтке мен Л. Нитхаммер бастаған неміс тарихшыларының және итальян микротарих зерттеушілік мектептерінің еңбектері кездеседі. Ресейлік зерттеушілер посткеңестік кеңістікте аталмыш мәселемен алғаш айналыса бастаған. Олардың еңбектері көп көлемде кездеседі және батысеуропалық зерттеушілердің теорияларына сүйенеді. Сонымен қатар, негізінен локальді кеңістікті зерттеуге бағытталған. Кеңестік кезеңде күнделікті өмір ұғымы арнайы қолданылмаса да, мәселе бойынша әдебиеттер біршама көлемде. Негізінен кеңестік және ҚазКСР зерттеушілері аталмыш мәселені әлеуметтік-экономикалық бағытта қарастырған. Бұл бағыттағы зерттеулерді еліміздің тарихшылары тәуелсіздігіміздің бастапқы жылдары жалғастырды. Тәуелсіз Қазақстан зерттеушілері нақты күнделікті өмір мәселелеріне кейінгі он бес жыл көлемінде көңіл бөліп келеді. Отандық зерттеушілер негізінен қалалық кеңістіктегі күнделікті өмірге көңіл бөлген және теориялық тұрғыдан батысеуропалық және ресейлік зерттеушілерге сүйенген.

3. Диссертацияның деректік негізі жазба және ауызша деректер болып табылады. Деректердің алғашқы тобын негізінен іс-қағаз құжаттары құрайды. Бұл құжаттар кеңестік кезеңдегі есепберушілік және баяндамалық сипатта болып, көптеген құнды мәліметтерді береді. Ауызша деректер тобы интервью материалдарынан құралып, Орталық Қазақстан тұрғындарынан жинақталады. Зерттеу жұмысындағы негізгі ойлар жазба және ауызша деректер арасындағы қарама-қайшылық пен сәйкестіктерден құралады. Деректерді жинақтау үшін респонденттер арнайы іріктеліп, сауалнама құрастырылады. Сауалдар адамның күнделікті өміріндегі ішкі әлемі мен ой-толғаныстарын анықтауға бағытталып, индивидті институционалдық құрылымдар мен нормаларға тәуелсіз формада қарастыруға мүмкіндіктер ашады.

4. Орталық Қазақстан өндірісті өңір болғандықтан, тұрғындарының басым көпшілігі қалалар мен жұмысшы поселкелерінде тұрды. Қарағанды облысы жалпы және ауыл елді-мекендері тұрғындары саны бойынша Жезқазған облысынан басым болып, өңірдің даму бағытын анықтады. Орталық Қазақстанның ауыл шаруашылығын басқару 1964 ж. бастап колхоздық жүйеден толығымен мемлекеттік шаруашылықтарға ауыстырылды. Совхоздық басқару жүйесіне сүйенген ауыл шаруашылығы 1960 жж. аяғынан бастап қарқынды дамыды. Сонымен қатар, өңір негізінен «тәуекелді жер өңдеу» зонасында орналасып, шаруашылықтар жоспарлы-шығынды болып келді. Сәйкесінше 1970 жж. басынан бастап ауыл елді-мекендеріндегі тұрғындардың тұрмысы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарды. Өңірдің инфрақұрылымы дамып, тас жолдар мен электр желілері тартылып, байланыс тораптары орнатылды. Сонымен қатар, өзгерістер сипаты өндірістік қалаларға жақын ауыл елді-мекендерінде ертерек байқалды. Қалалық аймақтарға қарағанда ауыл елді-мекендеріндегі өмір сүру сипаты 1985 ж. бастап теріс тенденцияларға ұшырамай, 1991 ж. дейін жағымды сипатын

сақтады. Жалпы 1964-1985 жж. аралығындағы кезеңде халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс жағдайы оның алдындағы кезеңдерден жақсы болды.

5. Орталық Қазақстан ауылдық аймақтарының этнодемографиялық жағдайы ҰОС және тың игеру жылдарынан бастап зерттеліп отырған кезеңге дейін тұрақты болды. Тек 1960 жж. ортасынан бастап 1970 жж. ортасына дейін ғана аздаған өзгерістер орын алды. Бұл еңбек күшінің жетіспеушілігіне байланысты одақтас республикалар мен республиканың қалаларынан қоныс аударумен, сонымен қатар ҚХР репатрианттарының келуімен байланысты жүрді. Бұл кезде өңірге: орыс, украин, молдова, литва, белорус, дүнген, ұйғыр, қытай, қазақ (соңғы 4 ұлт өкілдері ҚХР репатрианттары) ұлтының өкілдері келді. Қазақтардан өзге ұлт өкілдері басым Осакаров, Тельман, Мичурин және Молодежный аудандары, саны жағынан қазақтардың және жалпы өзге ұлт өкілдерінің көлемі шамалас болып келетін Нұра және Ульянов аудандары орыс тілді және еуропалық-славяндық мәдениет пен құндылықтар басым өңірлер ретінде есептеледі. Өзге аудандар қазақ тілді және ұлттық мәдениетті кең қолданыста пайдаланушы, күнделікті өмірде салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды және діни сенім ритуалдарын берік ұстанушы аумақтар болып табылды. 1970 жж. аяғынан бастап қалыптасқан этнодемографиялық сипат тәуелсіздік жылдарына дейін ірі өзгеріске ұшырамай, қазақтардың үлесі табиғи өсім есебінен біртіндеп артты.

6. 1960 жж. тұрғындар баспананы негізінен өз қолдарымен және өз есебінен салды. Хрущевтік кезеңдегі қалалардағы баспана құрылысында болған оң өзгерістер ауыл елді-мекендерінде байқалмады. Ауыл елді-мекені тұрғыны өзінің ойлау және жүріс-тұрыс ерекшелігіне орай баспана мәселесінде жоғары талаптарды ұстанбады. Тұрғындар баспана тарлығына қарамастан, негізінен 2-3 бөлмелі шағын үйде, 7-8 адамнан тұратын бір немесе бірнеше отбасымен қоныстанып отырды. 1970 жж. бастап құрылыс мекемелері ауыл елді-мекендерінде баспаналар салуды арттырғанымен, тұрғын үй сапасы жоғары болмады. Сонымен қатар, жеке баспана салуға мүмкіндіктер жасалып, тұрғындарға өз күшімен құрылыс жүргізуге қажет материалдар берілді. Баспана негізінен мемлекеттік шаруашылыққа қажет ауыл шаруашылығы мамандары мен жұмыскерлеріне беріліп, содан кейін қызметкерлер: мұғалімдер, дәрігерлер және т.б. қамтамасыз етілді. Баспана мәселесін шешу мал шаруашылығымен айналысатын, қазақтар басым шалғай аудандарда қиындықтар туғызды. Осакаров, Тельман, Нұра, Ульянов секілді қамтамасыз ету деңгейі жоғары және өндірістік қалаларға жақын аудандарда бұл мәселе өзге аудандардан ертерек және табысты шешілді. 1970 жж. аяғынан бастап өңірдегі аудандардың басым көпшілігінде тұрғындар талғамы жоғарылап, үйдің болуы ғана емес, оның кеңдігі, жайлылығына аса мән берілетін болды. Жилье-91 бағдарламасымен салынған баспаналардың сапасы жоғары болып, халық толық баспанамен қамтамасыз етілді.

7. Кеңестік кезеңдегі ауылдық аймақ тұрғындары үшін 1980 жж. ортасына дейін негізгі табыс көзі – жалақы болып табылды. Ауылдық аймақтағы ресми жоғары жалақы иесі ауыл шаруашылығы мамандары, ал төмен жалақы иесі мұғалім мен дәрігер және т.б. бюджеттік жұмыскерлер болып, көлемі негізінен

тұрақты болып келді. Ауыл шаруашылығы жұмыскерлері маусымдық сипатқа орай жылдың әр мезгілінде түрлі жалақы және өнімділікке сай жыл соңында сыйақы алды. Ауыл елді-мекеніндегі тұрғындарының негізгі бөлігінде 1960-1970 жж. жалақының жыл мезгілдеріне тәуелсіз орташа көлемі: 1. ауыл шаруашылығы жұмыскерлерінде 80-150 сом, ауыл шаруашылығы мамандарында 100-180 сомды құрады. 1980 жж. бұл көлем біршама артып: 1-ші топта 200 сом, 2-ші топта 250 сомға дейін жетті. Тамақтану қамтамасыз ету мен сауда саласына тәуелді болып, өңірішілік, ұлттық айырмашылықтардан құралды.

Орталық Қазақстан ауылдық аймақтары үшін сауда саласындағы қамтамасыз етудің одақтық және республикалық деңгейдегі негізгі қарама-қайшылықты тенденциялары сақталды. Тауар, әсіресе азық-түлік тапшылығы ЖҚШ есебінен де жабылып отырды. Негізгі тапшы тауарларды өндірістік тауарлар құрады: киім, аяқ киім, тұрмыстық техника және т.б. Белгілі бір тауарлардың тапшылығы жағдайында кейбір тауар түрлеріне сұраныс төмен болды: қымбат былғары аяқ киім, биік өкше туфли және т.б. Бұл жағдайда өндірістік тауарлардың бірқатар ассортименті аса тапшы болды: резеңке етік, кебіс және т.б. Тапшы тауарлар түрін алуда бейресми жолдар қолданылып, ұсыныс пен сұраныс теңсіздігі жоспарлы экономиканың басты кемшіліктерінің бірі болып табылды. Бейресми жолдар адамдар арасындағы қарым-қатынастың әртүрлі формалары: туыстық, жолдастық, жерлестік және т.б. негізделді. Ауыл елді-мекендеріндегі сауда айналымында негізінен ұзақ сақтауға жарамды азық-түлік ассортименті кең таралып, қамтамасыз етуде елді-мекеннің теміржол бойында, ірі өндірісті қалалар мен кәсіпорындарға жақын орналасуы маңызды болды. Мал шаруашылығына басымдық берген аудандардың ауыл елді-мекендері орта есеппен теміржол тораптарынан 160 км қашықтықта орналасып, сауда орындарының ассортименті жұтаң болып келді. Кеңестік сауданың күнделікті және басты өтімді тауары алкогольдік ішімдік – арақ болып табылды.

8. Ауылдық аймақтағы табыстың қосымша және тұтыну көзінің маңызды құрамдас бөлігін ЖҚШ құрады. ЖҚШ негізгі азық-түлік түрлері (ет, сүт және т.б.) алынып, ЖҚШ өнімдерін мемлекетке өткізу (негізінен ет) қосымша және көп жағдайда бір реттік және көлемі ай сайынғы жалақыдан жоғары табыс көзі ретінде қарастырылды. ЖҚШ көлемін мемлекет шектеді, сәйкесінше жеке секторға жем-шөп беру де қатаң қадағаланды. ЖҚШ жүргізу материалдық-техникалық базаны талап етті. Ауылдық тұрғынның ойы шығын көлемін, негізінен қолдағы малды жем-шөппен қамтамасыз етуде төмендетуге бағытталды. Мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалану үшін: бейресми, «жанама» жолдармен жем-шөп алу, артық жеке малды қоғамдық мал арасына қосу және т.б. мүмкіндіктер қолданылды. Совхоз басшылығы ЖҚШ көмек көрсеткен аудандарда заң нормаларын және моральдық принциптерді бұзу аз орын алды. 1961 ж. бекітілген үкім бойынша ЖҚШ мал саны 1 төлді сиыр, 1 төлді жылқы, 4-5 қойдан аспауы тиіс болды. 1982 ж. қабылданған Азық-түлік бағдарламасына сай бұл шектеулер ресми түрде алынып, Қарағанды облысындағы ЖҚШ мал басы санының өсімі мемлекеттікінен жоғарылады.

1960 жж. ортасына қарағанда 1980 жж. ортасына қарай ЖҚШ барлық түлік түрлері бойынша өсімнің көлемі мемлекеттікінен 25% жоғары көрсеткіш көрсеткен.

Еуропалық ұлт өкілдері басым аудандарда екпе шөпті қолдану мал азығын дайындауға көп көмегін тигізді. Бау-бақша өсіру негізінен еуропалық ұлт өкілдері басым аудандарда жоғары дамыды. Тұрғындарға үй маңындағы аумақтан бөлек қосымша жер телімі берілді. Қазақтар басым аудандарда ЖҚШ негізінен мал шаруашылығына сүйенді.

9. Механикаландырудың төмен деңгейіне байланысты мал шаруашылығындағы көптеген жұмыстар қол еңбегіне сүйенген ауыр күйде қалды. Техника көлемінің артуымен байланысты егін шаруашылығында механикаландыру артқанымен, техника сапасының деңгейі төмен болып, үнемі артқан жоспарға орай еңбек жағдайы жеңілдемеді. 1968 ж. Қазақ КСР қой саны 35 млн болса, 1975 ж. 40 млн., 1985 ж. 41 млн жеткізу жоспарланды. Жастар ауыл шаруашылығының жыл бойғы тынымсыз, ауысымсыз, ауыр және өнімсіз еңбек жағдайынан алыстауды қалады. Еңбек жағдайы негізінен қазақтар басым, мал шаруашылығы аудандарында ауыр болып келді. Өр сауыншы жаз мезгілінде күніне екі мезгіл 30 сиырға дейін қолмен сауып, қыс мезгілінде малдың астын тазалау, жем-шөп берумен айналысты. Бір отардың – 300-1000 бас аралығындағы қойдың бағым-күтімімен жаз мезгілінде 3-4 адам, қыс мезгілінде 3-5 адам ғана айналысып, әр адамға артылатын жүктеме 2-3 еседен артық болды. Бұл жағдай кеңестік кезеңдегі ауыл шаруашылығында әрдайым сақталды.

10. Ауыл елді-мекені тұрғыны денсаулығын сақтауда алдын алу емес, тек салдарымен күрес принциптері ұсталды. Көптеген сырқат түрлері күнделікті өмірде жергілікті табиғи жағдайлардан туындады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығындағы ауыр еңбек пен тамақтану жағдайлары да тұрғындар денсаулығына зор әсер етті. Орталық Қазақстан ауыл елді-мекені тұрғынының сырқаттары негізінен екі топты құрады: а) бұрыннан бар және сақталған сырқаттар; б) жаңадан пайда болған немесе бұрын аз болып аталмыш кезеңде көлемі артқандары. Алғашқы топтағыларға жұқпалы ауру түрлері мен ауыз су сапасына байланысты туындайтын сырқаттарды жатқызуға болады. Ауыз су мәселесі Орталық Қазақстан үшін әрдайым маңызды болып қала берді, әсіресе Жезқазған облысы аудандары үшін. Мысалы, 1964 ж. іш сүзегі мен паратиф бойынша 100 адамға шаққанда ең жоғары көрсеткішке ие Жезді және Жаңаарқа аудандары сәйкесінше 13 және 9 көрсетті. Ал, жұқпалы сырқат түрлерінің бірқатары екпе күшімен 1980 жж. қарай жойылып, тек туберкулез бен бруцеллез сияқты түрлері сақталып қалды. Қарағанды облысында 1970-75 жж. туберкулезбен сырқаттану көрсеткіші 32% және өлім 34% түскен. Екінші топтағы сырқаттарға негізінен қоршаған орта тазалығы мен тамақтану ұстанымдарының бұзылуы, әсіресе алкогольді ішімдіктер тұтыну салдарынан өршіген сырқаттарды жатқызуға болады. Туу көрсеткіші артқанымен, ана мен бала жағдайы талаптан төмен болды.

Салаға байланысты мәселелердің барлығы осы сырқат түрлерімен күрес маңайында өрбіді. Алғашқы топпен күресте ғылым мен технология берген

мүмкіндіктерге орай, медицинаны дамытуға бағытталған шаралар көмекке келді. Екінші топпен күресте жағдай кері сипатта өрбіп, республикадағы үрдістерге сай жүрді: Семей полигоны, Байқоңыр ғарыш айлағы секілді сынақ алаңдары және сол кездегі ғылым мен технология жаңалықтарын шаруашылықта ретсіз қолдану зиянды салдарға алып келді. Ауыл тұрғынының ойлау мен жүріс-тұрыс ерекшелігіне сай көнбістігі мен шыдамдылығы, бірқатар жағдайда салғырттығы байқалды. Мемлекет емханасында қаралып емделгендіктен, адамдардың салғырттығы өз денсаулығы үшін жауапкершілікті мемлекетке немесе өзге біреуге жүктейтін селқостыққа ұласты.

11. Білім беру жас ұрпақты тәрбиелеуші идеологиялық маңызды сала ретінде басым мәнге ие болып, жас ұрпақты кеңестік шындыққа әлеуметтендіру ісі балабақшадан бастап қолға алынды. Балабақшалар Орталық Қазақстанның барлық аумағында болғанымен мал шаруашылығы аудандарында бұл мәселені шешу қиындықтары кездесті. Салдарынан көп балалы малшы отбасыларының балалары мектеп жасына дейін негізінен ата-анасының жанында өсті. Балалық шақта ойын – әлеуметтенудің маңызды жолы болды. Өңірде мектеп ашу ісі баспана және құрылыс ісімен байланыста өркендеді. Мектептерде сапалы мамандар мен қажетті оқу көрнекіліктері біртіндеп пайда болды. Сауаттылық максималды өскенімен, білім сапасы жоғарыламады. Еңбек тәрбиесіне зор көңіл бөлініп, оқушылардың еңбек бригадалары балалардың сабақтан тыс уақытындағы негізгі белсенділіктерінің бірін құрады. Интернаттар көптеп салынып, әсіресе шалғай мал шаруашылығы аудандары үшін өзінің тиімділігін көрсетті. Негізінен малшылардың балалары осы интернаттарда оқып шықты. 1966-1970 жж. Қарағанды облысында оқушы санының 13% артуы жағдайында мектептердің жалпы санының 5% азайды. Бұл олардың елді-мекен көлемімен бірге ірілендіріліп, интернаттарда білім беруге көбірек көңіл бөліне бастағанын байқатады.

Бала ата-ана және білім беру орнының ықпалымен екі тараптан тәрбиеленіп, ата-ана мектепке зор сенім білдірді. Отбасында негізгі ұстанымдар ұлттық дәстүрлерден бастау алса, білім беру орынында мемлекет идеологиясына сүйенді. Жергілікті этнодемографиялық ерекшелік бала тәрбиесіне әсер етіп, аудандар арасындағы тілдік өзгешеліктер мен ұлттық-діни ұстанымдардан байқалды.

12. Мәдениет пен өнер саласы мемлекеттің тікелей идеологиялық қадағалауында болып, салаға қамқорлық артты, мәдени ошақтар құрылысы қарқынды жүргізіліп, тұрғындардың бос уақыты да идеологизацияға ұшырады. Ауыл елді-мекені тұрғындары негізінен көркемөнерпаздар ұйымының жұмысына белсенді қатысып, жергілікті жердегі еңбектен тыс уақыт өткізудің түрі ретінде бұл әрекет түрі танымал болып, іс-шаралардың көпшілігі осы ұжымдар күшімен атқарылды. Мысалы, 1970 жж. Орталық Қазақстан ауылдық аймақтарында жыл сайын әртүрлі жанрдағы көркемөнерпаздар ұжымдарында тұрақты өнер көрсетушілер саны 1500 адамнан асты. Кино көру қарапайым еңбек етуші халық үшін демалыс

уақытын өткізудің таптырмас бір түрі болып, жаппай сипатқа ие болғанымен, қазақ тілді аудандарда қазақша фильмдер тапшылығы байқалды. Ұлттық өнер түрлері, мысалы айтыс, толығымен мемлекет қадағалауында болып, мемлекет саясатын насихаттаушы ретінде есептелді. Кеңестік мерекелер салтанатты шаралардың басым бөлігін құрап, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің басты мерекелік іс-шарасы – шопандар тойы болып есептелді. Бұл мереке қазақтар басым, мал шаруашылығы бағытындағы аудандарда кеңінен тойланды. Сонымен қатар, бұл аудандарда мәдени қызмет көрсетудің аралатпа түрі – автоклуб кеңінен қолданылды. Орта есеппен шалғай жайылымдарда әр автоклуб ай сайын 800 км дейінгі маршрутты қамтитын аумақта қызмет етті. Ұлттық мейрамдарға көңіл бөлуді мемлекет ығыстырғысы келгенімен, этнодемографиялық сипатқа байланысты тұрғындар қалалық кеңістікке қарағанда бұл мәселеге әрдайым көңіл бөлуге тырысты.

Зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалы маңызы. Зерттеу барысында қолданылған деректер мен нәтижесінде әзірленген ғылыми тұжырымдарды орта және жоғары оқу орындарында «Қазақстан тарихы» пәніне қосымша материал ретінде пайдалануға болады. Ғылыми әдебиетте «тоқырау жылдары» деп аталатын кеңестік тарихтың бір бөлігіндегі күнделікті өмірді Орталық Қазақстанның ауыл елді-мекендері мысалында және тарихи кезеңдер аралығындағы сабақтастықта қарастыру диссертацияның ғылыми және қолданбалы маңыздылығын көрсетеді. «Тарих» білім беру бағдарламаларындағы студенттер өз зерттеулерінде, магистранттар мен докторанттар диссертациялық жұмыстарында, сондай-ақ гуманитарлық ғылымдардың өкілдері өздерінің монографиялары, оқу құралдары, оқулықтарын жазу барысында ғылыми жұмыстың жаңалықтарын және нәтижелерін қолдана алады.

Диссертацияның маңыздылығы мен сапасы ауыл елді-мекендерін дамыту бойынша мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің, тұжырымдамалардың, әлеуметтік бағдарламалардың және жеке іскерлік жобалардың ғылыми негіздемелерін жасауға мүмкіндік береді. Нақтырақ айтсақ, 2019 ж. қабылданған «Ауыл – ел бесігі» және 2022 ж. қабылданған «Ауыл аманаты» секілді стратегиялық маңызды бағдарламаларды қабылдауда диссертация материалдарын, тұжырымдары мен қорытындыларын алдағы уақытта пайдалануға болады. Зерттеу жұмысы келешек ұрпақтың бойында тарихи сананы, отаншылдық сезімін қалыптастыруға бағытталған насихат шараларына көмекші құрал ретінде қызмет ете алады. Сонымен қатар, Орталық Қазақстан өңіріне арналған өлкетанулық зерттеу жұмыстары мен оқу құралдарын әзірлеуге септігін тигізері анық.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Диссертациялық зерттеу ғылыми зерттеулерді іске асыру жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылымды дамыту басымдықтарына сәйкес жүргізілген. 2022 - 2024 жылдарға арналған басымдықтар арасынан 8-ші басымдық: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер бағытына сәйкес келеді.

Докторанттың жарияланымдарды дайындауға қосқан үлесі. Негізгі

нәтижелерді докторант өз ізденісі негізінде алған. Авторлар бірігіп жасаған жұмыстарда, міндеттердің қойылуы, оларды шешу жолдарын анықтау ғылыми кеңесшіге, толыққанды нақты іске асыру – диссертантқа тиесілі.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Жұмыстың негізгі мазмұны зерттеудің әртүрлі аспектілерін қамтитын 12 ғылыми мақалада көрініс тапты, оның ішінде 6 мақала ҚР ҒЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда (1-і ағылшын тілінде), 6 мақала халықаралық конференцияларда жарияланды (3-і ауызша баяндамамен).

Диссертациялық жұмыстың құрылымы тақырыптың мақсат-міндеттері мен зерттеу логикасына сай анықталды. Диссертация кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан және қолданылған әдебиеттер мен деректер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Түйінді сөздер: ауыл елді-мекені, Орталық Қазақстан, аудандар, тұрғын, Қарағанды облысы, Жезқазған облысы, күнделікті өмір, совхоз.